«Ережеп» бөбекжай балабақшасы
ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕСТІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ.

ХАТТАМА №3

Өткізілген уақыты: ақпан 2025 жыл
Төрайымы: Сексенова М.Е.
Хатшысы: Батаева М.Б.
Барлық педагогтар саны: 11
Қатысқан педагогтар саны: 11

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Балалардың даму деңгейін талдау. Мектепалды даярлық топтың мектепке дайындығы. **Меңгеруші-әдіскер Сексенова М.Е.**

1. **Сексенова М.Е.**
2. Тәрбиеленушілердің сырқаттануы мен жарақаттануын талдау. **Мед. Қызметкер** Нуржаннова Салтанат
3. МДҰ логопедтерінің 2024-2025 оқу жылының I жарты жылдығындағы түзету жұмысының қорытындысы. Педагогтармен жаттығулар жасау. **Логопед** Сарбаз Ж.С
2. **1. ТЫҢДАЛДЫ: Меңгеруші-әдіскер Сексенова М.Е** оқу жылының бірінші жарты жылдығындағы балалардың даму деңгейін талдау нәтижелерін ұсынды. Мектепалды даярлық тобындағы балалардың танымдық, тілдік және әлеуметтік дағдылары бағаланып, олардың мектепке дайындық деңгейі жоғары және орта деңгейде екені анықталды. Жекелеген балаларда байқалған қиындықтарды жою үшін қосымша жеке жұмыс жоспарлары құру қажеттілігі атап өтілді.

2. ТЫҢДАЛДЫ: Мед. қызметкер тәрбиеленушілердің соңғы жарты жылдағы сырқаттану және жарақаттану көрсеткіштерін талдап ұсынды. Сырқаттанудың негізгі себептері маусымдық вирустық аурулар екені, ал жарақаттанудың көбіне ойын және серуен алаңдарында орын алғаны айтылды. Қауіпсіздік ережелерін сақтау және санитарлық-гигиеналық талаптарды күшейту бойынша ұсыныстар берілді.

3. ТЫҢДАЛДЫ: МДҰ логопеді 2024-2025 оқу жылының бірінші жарты жылдығындағы түзету-дамыту жұмысының қорытындысын баяндады. Логопедиялық қорытынды бойынша анықталған балалардың тіл кемістіктерін түзету жұмысы жоспарлы түрде жүргізіліп жатқаны, көпшілігінде оң динамика байқалатыны айтылды. Сонымен қатар, логопед педагогтармен бірлесіп артикуляциялық және тыныс алу жаттығуларын өткізіп, оларды күнделікті жұмыста қолдануға үйретті.

ШЕШІМ:

1. Мектепалды даярлық тобындағы балалармен жеке жұмыс жоспарларын күшейту.
2. Топтарда қауіпсіздік ережелерін сақтау бойынша қосымша нұсқаулық өткізу.
3. Логопедтің ұсынған жаттығуларын педагогтардың күнделікті жұмысына енгізу.
4. II жарты жылдықта балалардың даму деңгейін қайта бағалауды жоспарлау.

Әдістемелік кеңес төрайымы: Сексенова М.Е.
Хатшы: Батаева М.Б.

Scanned with CamScanner